Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің ХАБАРШЫСЫ.
ISSN (Print) 2616-7174. ISSN (Online) 2663-2500

ЖУРНАЛИСТИКА ЖАНРЛАРЫ / GENRES OF JOURNALISM / ЖАНРЫ ЖУРНАЛИСТИКИ

ХҒТАР 19.41.41
Ғылыми мақала

https://doi.org/10.32523/2616-7174-2024-147-2-151-164

Бұқаралық коммуникация құралдарындағы эпистолярлық мәтіндер ерекшеліктері

М.Б. Тоқтағазин

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан

(E-mail: muratbek_63@mail.ru)

Аңдатпа. Мақалада БАҚ жүйесіндегі эпистолярлық мәтіндер ерекшеліктері талданады. Автор эпистолярлық мәтіндер әртүрлі мақсаттарда, соның ішінде пікір алмасу, маңызды мәселелерді талқылау, кері байланысты қамтамасыз ету немесе жай ғана қарым-қатынас үшін пайдаланылуы мүмкін екендігін ашып көрсетіп, жаңалықтар мақалаларында әртүрлі көзқарастарды ұсыну немесе нақты тақырыптарды талқылау үшін пайдалануға болатындығын, олар заманауи медиа кеңістігінде қарым-қатынас пен өзара әрекеттесу үшін маңызды құрал болып табылатындығын атап көрсетеді.

Бұл ретте жеке тәжірибелер мен эмоциялар шешуші мәнге ие екенін, көптеген адамдар өздерінің сезімдері мен эмоцияларын білдіру үшін, сондай-ақ жеке тәжірибені талқылау үшін эпистолярлық мәтіндерді пайдаланатындығын жазады. Эпистолярлық мәтіндерді қазіргі әлеуметтік және саяси мәселелерді талқылау және осы тақырыптар бойынша пікірлер мен көзқарастарды білдіру үшін пайдалануға болатындығын, білім мен ғылымға қатысты тақырыптарды, соның ішінде академиялық зерттеулерді, білім беру стратегияларын және ғылыми жаңалықтарды талқылай алатындығын, эпистолярлық мәтіндер мәдениет пен өнердің әртүрлі аспектілерін, соның ішінде әдебиет, музыка, кино, театр және бейнелеу өнерін сезімге әсер ете отырып талқылайды. Эпистолярлық мәтіндер достық, сүйіспеншілік, отбасылық және алқалы қарым-қатынастарды қоса алғанда, тұлғааралық қатынастарды талқылап, саяхат пен шытырман оқиғаны, соның ішінде жаңа жерлерді, мәдениеттерді және тәжірибелерді сипаттайтынын баяндайды.

ТМД елдеріндегі жетекші басылымдар «Российская газета», «Егемен Қазақстан», «СБ. Беларусь сегодня» газеттеріндегі эпистолярлық мәтіндерге салыстырмалы талдаулар жасалған.

Түйін сөздер: БАҚ, эпистолярлық мәтін, газет, эпистолярия, контент-талдау, публицистика, адресат.

Кіріспе

Эпистолярлық мәтін публицистикада бірнеше ғасырлардан бері қолданылып келеді. Бұл автордың адресатқа үндеу, ұсыныстар, ойлар мен сезімдер бар үндеуі, хаты. Ол жеке және іскерлік хат алмасу формаларының қоғамдық-саяси әдебиет элементтерімен қанықтыру нәтижесінде пайда болды.

Эпистолярлық жанрдағы мәтін хат алмасу, бір немесе бірнеше хаттар ретінде көрсетіледі. Бұл жанрдың өте ұзақ тарихы бар. Көне дәуірден бастап орта ғасырлар арқылы, жаңа заманға дейін келіп жетті. Эпистолярлық мәтіндер жеке хаттар, ғылыми, әдеби, публицистикалық сипатта эпистолярлық формада жазылуы мүмкін.

Даму тарихы ғасырлардан бері келе жатқан эпистолярлық мәтіндер әсіресе осы жанрдың бір түрі эпистолярлық романдарда буыны бекіп, бұғанасы қатты. Мұнда бір немесе бірнеше қаһармандар хаттарының циклі көрініс табуы ықтимал. Хаттарда қаһармандардың жан-дүниесінің тебіреністері, олардың ішкі даму эволюциясы көрсетіледі. Бұл тұрғыда әлем оқырмандарының назарын аударған авторлар мен олардың туындыларын атап өтсек болады: Иоганн Вольфганг Гёте ((«Страдания юного Вертера»), Этьенн де Сенанкур («Оберман»), Иоганн Христиан Фридрих Гёльдерлин («Гиперион»), Джейн Остин («Леди Сьюзан»), Шодерло де Лакло (“Опасные связи”), Брэм Стокер («Дракула»), Федор Достоевский («Бедные люди»). Бұл шығармалар эпистолярлық мәтіннің қалыптасуы мен дамуының бастауында тұрған соны дүниелер. Осы жоғарыда аталған романдар стильдік тұрғыдан қарастырғанда дүние жүзі бойынша публицистиканың даму сипаттарына да әсерін тигізбей қалмады. Мерзімді басылымдарда журналистердің, жазушылардың өмірдің әлеуметтік, экономикалық мәселелерін хат жанрында жазған өткір материалдары жарияланып жатты.

Бұқаралық ақпарат құралдары жүйесіндегі эпистолярлық мәтіндер екі немесе одан да көп тараптардың хаттарымен немесе электрондық пошталарымен алмасуын қамтитын коммуникация түрі болып табылады. Бұл байланыс форматының бірқатар мүмкіндіктері бар. Эпистолярлық мәтіндер әдетте жеке сипатта болады, өйткені олар жіберуші мен алушы арасындағы тікелей байланысты білдіреді. Әрбір хат бірегей және оның авторының жеке басын, оның ішінде оның жазу мәнерін, ойы мен сезімін білдіру тәсілін көрсетеді. Сондай-ақ хронологиялық реттілік сақталады. Хаттар әдетте хронологиялық ретпен орналасады, бұл оқырмандарға оқиғалардың немесе автордың ойларының дамуын бақылауға мүмкіндік береді. Эпистолярлық мәтіндер әдетте оқырман жүрегіне жақын болуы мүмкін, өйткені олар көбінесе жеке ойларды, сезімдерді және эмоцияларды қамтиды.

БАҚ контекстінде эпистолярлық мәтіндер әртүрлі мақсаттарда, соның ішінде пікір алмасу, маңызды мәселелерді талқылау, кері байланысты қамтамасыз ету немесе жай ғана қарым-қатынас үшін пайдаланылуы мүмкін. Олар әсіресе пайдаланушылар хабарламалар мен түсініктемелер алмаса ол әлеуметтік желілер сияқты интерактивті платформалар контексінде пайдалы болуы мүмкін. Эпистолярлық мәтіндерді жаңалықтар мақалаларында немесе жекелеген жазбаларда әртүрлі көзқарастарды ұсыну немесе нақты тақырыптарды талқылау үшін пайдалануға болады. Қалай болғанда да,

олар заманауи медиа кеңістігінде қарым-қатынас пен өзара әрекеттесу үшін маңызды құрал болып табылады.

Эпистолярлық мәтіндер контекстке және авторлардың мақсаттарына байланысты көптеген тақырыптарды қамтуы мүмкін. Соның ең жиі талқыланатын тақырыптарына тоқталсақ. Бұл ретте жеке тәжірибелер мен эмоциялар шешуші мәнге ие: көптеген адамдар өздерінің сезімдері мен эмоцияларын білдіру үшін, сондай-ақ жеке тәжірибені талқылау үшін эпистолярлық мәтіндерді пайдаланады. Екіншіден, эпистолярлық мәтіндерді қазіргі әлеуметтік және саяси мәселелерді талқылау және осы тақырыптар бойынша пікірлер мен көзқарастарды білдіру үшін пайдалануға болады. Үшіншіден, эпистолярлық мәтіндер білім мен ғылымға қатысты тақырыптарды, соның ішінде академиялық зерттеулерді, білім беру стратегияларын және ғылыми жаңалықтарды талқылай алады. Төртіншіден, эпистолярлық мәтіндер мәдениет пен өнердің әртүрлі аспектілерін, соның ішінде әдебиет, музыка, кино, театр және бейнелеу өнерін сезімге әсер ете отырып талқылай алады. Бесіншіден, эпистолярлық мәтіндер достық, сүйіспеншілік, отбасылық және алқалы қарым-қатынастарды қоса алғанда, тұлғааралық қатынастарды талқылай алады. Алтыншыдан, эпистолярлық мәтіндер саяхат пен шытырман оқиғаны, соның ішінде жаңа жерлерді, мәдениеттерді және тәжірибелерді сипаттайды.

Эпистолярлық мәтіндер өте жеке және бірегей болуы мүмкін екенін және оларда талқыланатын тақырыптар автор мен контекстке байланысты айтарлықтай өзгеретінін есте ұстаған жөн.

Зерттеу әдісі

Зерттеу материалының жазылуы барысында тарихи-салыстырмалы, философиялық, логикалық, авторлық жеке ғылыми әдістер қолданылады. Эпистолярлық мәтіндердің бірнеше ғасырлық тарихы ескеріле отырып, оның бастаулары бағамдалды, қазіргі бұқаралық ақпарат құралдарындағы көріністеріне контент-талдау, болжау, бақылау әдістері қолданылды. ТМД елдеріндегі жетекші басылымдар «Российская газета»,

«Егемен Қазақстан», «СБ.Беларусь сегодня» газеттеріндегі эпистолярлық мәтіндерге салыстырмалы талдаулар жасалды.

Талқылау

Жалпы эпистолярлық мәтін, журналистикадағы эпистолярия мәселелері едәуір дәрежеде зерттеу нысанасына айналған. Ол туралы ғалымдар Прохоров Е.П. [1], Кабанова, Т.Н. [2], Каирова Г.С [3], Акишина А.А. [4], Нижникова Л.В. [5], Кустова

О.Ю. [6], Паперно И. А. [7], Антоненко С.В. [8], Ковалева Н.А. [9], Белунова Н.И. [10], Richter, A.[11] арнайы зерттеу еңбектерін арнап, эпистолярлық мәтіннің өзіне ғана тән функционалдық-стилистикалық аспектілерін, параметрлерін, композициясы мен құрылымын, стилистикалық статусын зерттеу еңбектерінің арқауы етті.

Ал бірқатар зерттеушілер – Истрин В.А., Курьянович А.В., Горнфельд А.Г, Акопов А.И., Докторевич И.С., Баркова М.В., Елина Е.Г., Цыцарина О.Ф. эпистолярлық жанр ұғымы,

табиғаты, теориясы, кешегісі мен бүгіні, құрылымдық ерекшеліктері туралы іргелі зерттеулер жүргізіп, оның көсемсөздегі орны хақында пайымды ойларымен бөлісті.

Біз жоғарыда эпистолярлық мәтіннің қалыптасуында романдардың ерекше орын алатынын атап көрсеттік. Бұл тарапта зерттеушілер Рогинская О.О., Белкнап Бэлнеп. Р.О., Воронцова Т.И., Воронцова Т.И. , Касаткина В.Н. қомақты зерттеу еңбектерін шығарып, эпистолярлық мәтіндердің қалыптасуы мен дамуында осы стильде жазылған романдардың шешуші роль атқарғандығын ғылыми-әдістемелік тұрғыдан орнықтыра түсті. Әсіресе XVIII-XX ғасырлар бедерінде жарық көрген эпистолярлық романдар қазіргі таңдағы эпистолярлық мәтіндерді жазудың берік іргетасы болып қаланғандығын айтудың артықшылығы жоқ. Ол туындылар әр кезеңдегі жазушылар мен журналистердің эпистолярияға қатысты ойларын дамытып, оның классикалық сипаттарын ұғынуына мүмкіндік алды.

Зерттеуші Bray, J. өзінің The Letter-Writing Manual and the Epistolary Novel (Хат жазу жөніндегі нұсқаулық және эпистолярлық роман) атты еңбегінде XVII ғасырдың соңы мен XVIII ғасырдың басындағы шынайы және көркем хаттардың арақатынасы көптеген сыни пікірталастардың көзі болғанын, эпистолярлық роман жанрының нақты хат алмасу тәжірибесі мен әдістеріне қаншалықты сүйенетіні туралы қайшылықтар туындайтындығына назар аударады. Эпистолярлық әдебиетті кейбір әдеби-стильдік толықтырулар мен нақты хаттардың жазылуы ғана деп қарайтындар да бар екендігіне мән беріп, екінші жағынан, сол кезеңдегі жазудың функционалды әмбебаптығын және оның шынайы және ойдан шығарылған инкарнациясын ажыратудың қиындығы болмаса, мүмкін еместігін көрсететін көзқарасты жақтап, бұл телеологиялық тәсілді жоққа шығаратындар да барына екпін түсірген. Нақты хат пен эпистолярлық фантастика арасындағы бұл қатынас әсіресе XVII ғасырдың соңғы екі онжылдығында танымал болған қолмен хат жазу жанрында айқын көрінгендігін атап көрсеткен.[12]

Ал испандық зерттеуші Albitre Lamata эпистолярлық жанрға байланысты «Epistolary genre and historical (im)politeness: state of the art and critical reflection» (16 ғасырдағы испан хаттарындағы сыпайылық механизмдерін талдау) атты мақаласында [13] эпистолярлық құжаттаманыңиспантілініңтарихипрагматикасынзерттеудежәне тарихи сыпайылықты (оның қарама-қарсы мағынасын) зерттеуде ұсынатын артықшылықтарын әдістемелік тұрғыдан көрсетіп, хаттардан қомақты библиографиялық шолу ұсынған, соның ішінде Латын Америкасы әлемінде бүгінгі күнге дейін жарияланған ең маңызды еңбектерге тоқталған.

Ғасырлардан бері жалғасып келе жатқан осы үрдіс қазақ журналистикасында эпистолярлық мәтіндердің жариялануына септігін тигізбей қалмады. Алайда ол арнайы түрде іргелі зерттеулер нысанасына айнала қойған жоқ. Жекелеген басылымдарда тиіп-қашты мақалалар жарияланғаны болмаса кандидаттық немесе докторлық диссертация қорғалмаған. Бір атап көрсетерлік жайт, М.Жармухамедов 1Айтыс өлеңдерінің арғы тегі мен дамуы1 [14] атты еңбегінде қазақ айтысында эпистолярлық элементтер ұшырасатындығын жазса, зерттеушілер Ш.Елеукенов, С.Абдрахманов А.Пушкиннің Абай аудармасындағы «Татьянаның қырдағы әні» туындысында эпистолярлық стиль қолданылғандығын ғылыми тұрғыдан тиянақтаған. Сондай-ақ көсемсөзді зерделеп

жүрген К.Қамзин[15], Б.Жақып[16], М.Шындалиева[17] зерттеулерінде эпистолярлық жанр мәселелері едәуір сараланған.

Бұл жанр дәуірдің қай кезеңдерінде де өткірлік, жауынгерлік сипатын жоғалтқан жоқ, әсіресе XXI ғасырда әлеуметтік-экономикалық мәселелер күрделене түскен шақта бұқаралық ақпарат құралдарында белгілі тұлғалардың өзара хат алмасу форматында айқын көрініс таба бастады. Солардың қатарында қарымды қаламгер, журналист Шерхан Мұртаза мен зияткер тұлға Камал Смайыловтың қазақ баспасөзінің қара шаңырағы атанған республикалық «Егемен Қазақстан» газетінде тоқсаныншы жылдардың орта шенінде жарияланған 27 хаттың орны бір бөлек. Бұл хаттарды отандық замансөздегі классикалық үлгі деуге толық негіз бар. Аталмыш эпистолярлық мәтіндер кейіннен

«Елім саған айтам, Елбасы, сен де тыңда» деген атаумен жеке кітап болып шығуының өзі де оның құндылығын айғақтап тұр.

Бұл хат алмасулардағы ой-өрімдер ел тағдыры, ұлт келешегі жайындағы тағдыршешті дүниелерді көтере білуімен ерекшеленді. Қазақ журналистикасындағы ең іргелі басылымдарды басқарған жазушы-журналист Шерхан Мұртаза мен эрудициясы ерен Камал Смайыловтың хаттарында еліміздің өмірінде қордаланып қалған кесек мәселелер талқыға түседі. 1996 жылы 12 шілде күнгі жарияланған «Алтын сандықтың кілті кімде?» атты жазбасында Ш.Мұртаза өз сүйсінісін жасыра алмай, әріптесінің терең біліміне, тапқырлығына тәнті екендігін айта келіп, оның цифрларды «ойната» білетіндігіне, Қазақстанның қазба байлықтары туралы ақпаратының молдығына тәнті екендігін білдіреді. [18.257-258].

Ал өз кезегінде К.Смайылов жер-ана 30 миллиард адамды асырай алатынын, бұл жәй болжамемес,нақтығылыминегіздерібарақпаратекендігіннақтымысалдарменкелтіреді. Пікірлері пайымды, болжауларға емес, нақты дереккөздерге негізделген пікірлерімен Камал Сейітжанұлы өз хатын өткір ойларымен, азаматтық көзқарастарымен түйіндейді. Оқырманды энциклопедиялық білімімен, зерттеушілік қабілетімен таңдандырады.

Жалпы Ш.Мұртаза мен К.Смайыловтың эпистолярлық мәтіндерінде еш жалтақтық, «жұмсартып» айту жоқ. Көкейлеріндегі ой-тұжырымдарын қаймықпай, жасырмай айтқан. Жазған хаттарынан мемлекетшілдік, азаматтық, ұлтшылдық рух айқын аңғарылып отырады. Жан-жақты тексерілген деректермен жазылған хаттары оқырманды бірден тартып алып, екі азаматтың да елдік мәселелерді жеріне жеткізе жазатыны менмұндалап тұр.

Қос автордың хаттарын қатарластыра оқып отырғанда белгілі зерттеуші А.Акоповтың хат журналистика жанры екендігі, екі автордың қоғамдық мәні бар әлеуметтік-саяси, экономикалық, мәдени-тұрмыстық жайттарды талдауда өз көзқарастарын білдіруі маңызды екендігі туралы пікірі [19] еске түседі. Ғалымның меңзеуіндегі қоғам қайраткерлері дегені осы екі авторға арналып айтылғандай. Кезінде көсемсөзді «дәуір үні» деп бағалаған ғалым Тауман Амандосовтың аталы пікірі де осы хаттасуларды оқығаннан кейін жадыға оралары хақ.

Тағы бір тоқтала кетерлік жайт, эпистолярлық мәтіндер қазіргі бұқаралық ақпарат құралдарының беттерінен аракідік болса да ұшырасып отырады. Бұның өзі осы тақілеттес жазбалардың өзектілігін әлі де жоймағандығын көрсетеді. Осы ретте

Қазақстан, Ресей, Беларусь мемлекеттерінің «Егемен Қазақстан», «Российская газета», «СБ. Беларусь сегодня» газеттерінің беттеріндегі хаттарға көз жүгірте отырып ойымызды өрбітбекпіз. Бұл басылымдардың әрқайсысының эпистолярлық мәтіндерді жариялаудағы өзіндік ерекшеліктері бар екеніне көз жеткізу қиын емес. Мысалы, қазақ баспасөзінің көшбасшысы республикалық «Егемен Қазақстан» газеті оқырман хаттарын жүйлеп жариялауымен дараланады. Аталған басылымда 20 жылдан астам уақыттан бері «Хат қоржын» атты қазақы сипаттағы арнайы топтама материалдар циклін беріп отыру дәстүрге айналған. Онда еліміздің түкпір-түкпірінде болып жатқан жаңалықтар мен өзекті мәселелер үздіксіз жарық көреді. Топтаманың ішіндегі материалдардың өзі де шағын айдарларға жіктелген. Мысалы, үлкен топтаманың бір бөлігінде «ХАТ ҚОРЖЫН. ОҚЫРМАН: ...ұсыныс жасайды» атты шағын айдарда «Көпір салынса» атты оқырман хаты жарияланыпты. Онда Төлеп Сейітұлы деген азамат «Щу́чинск қаласына өтетін көпірді салу проблемаға айналғанын, оны қаржыландыру мәселесі тығырыққа тірелгенін» күйіне жазып, өз хатын редакцияға жолдаған. Ал Атырау облысынан хат жолдаған А.Қабиева деген азаматша Мақат ауылындағы ауыз судың тапшылығынан күн сайын 300 теңгеге Tassay атты суды сатып алуға мәжбүр болып отырғандықтарын ашына жазған. Мұндай хаттардан мысалдарды көптеп келтіруге болады. Ең бастысы басылым журналистері оқырман хаттарының мәтіндерін жариялауды шығармашылық жоғары деңгейде шеше алған.

«Российская газета» басылымының эпистолярлық мәтіндерді жариялауының өзіндік сипаты бар. Аталмыш газеттің басқалардан ерекшелігі көтерілетін мәселелердің тақырыптық сипаттарына орай бірқатар айдарларды қатар жүргізіп отырады. Олардың арасында «Если», «Игра Слов», «ВКЛ», Мир без правил», «Колонка», «Особое мнения»,

«Мнение», «Поверх барьеров», «Почта союза», «Цензуры нет» атты тақырыптардағы айдарлар циклі Ресей аумағындағы әрқилы саяси, әлеуметтік, экономикалық, мәдени проблемаларды кең ауқымда қарастырып, түрлі эксперттерді, сала мамандарын, тұрақты авторлары мен редакция журналистерін жұмылдырып отырады. Соның нәтижесінде ел өміріндегі өзекті мәселелерді кеңінен қамтуға талпынады. Бұлай құлаш сермеуге басылымның потенциалы да жеткілікті. Себебі «Российская газета» сол елдегі билік тарапынан тұрақты қаржыландырылатын салиқалы басылымдар санатында.

Газеттің шығармашылық деңгейін бағамдау үшін бірнеше материалын талдап көрейік. Валерий Выжутович деген публицистің «А не много ли просит моногород?» (2014 ж.,10.01) атты эпистолярлық мәтінінде автор «Бұқаралық санаға биліктен жедел көмек күту көзқарасы еніп, мемлекет пен азаматтар арасындағы әріптестік емес, патерналистік қарым-қатынас қалыптасуда» деген ойларын оқырмандарға арнап, демократия жағдайында халықтың өз мәселелерін ашық айту, нақты шешу үшін пікірталас алаңына шақырса, Мир без правил» айдарында ұсынылған «Эхо XX века» (2014 ж.,15.01) атты материалында қоғам қайраткері Федор Лукьянов «Өткен көктемнен бері бүкіл XX ғасыр болмаса, оның екінші жартысын айқындайтын бірнеше көрнекті тұлғалар өмірден өтті. Бұл адамдардың басы бірікпеді, олар бір-біріне нашар қарады. Бұл адамдардың барлығын өз елдерінің және әлемнің саяси тағдырын шешкен уақыт біріктіреді. Баррикадалардың қарама-қарсы жағында бола отырып, олар бірге 20

ғасыр тарихын жасады» дей келе ел тағдырын шешу үшін жалтақтықты қойып, шұғыл қадамдар жасауға шақырады.

Байқап отырсақ мысалға келтірілген екі мәтінде де эпистолярлық жанрға тән өткірлік, ірі істерге шақыру сипаттары бар.

Мұндай үндеулік мазмұндағы материалдарды «СБ. Беларусь сегодня» газетінен де кездестіруге болады. «Егемен Қазақстан» мен «Российская газетадан» айырмашылығы бұл беделді басылымда редакция қызметкері ұдайы жүргізіп отыратын «В мире»,

«В стране», «Во мне» атты араға номер салып, кезектесе беріліп отыратын, әдемі безендірілетін ауқымды үш эпистолярлық мәтіндер жобалары бар. Бұл газеттің бірнеше бағандарын алып жататын материалдар циклдарында елдегі ең өзекті мәселелер жоғары кәсіби деңгейде талқылауға түседі. Оны талдап жатпай, тақырыптарын берсек те түсінікті болары анық. Біз зерттеген 36 материалдың қай-қайсысы да оқырманды елең еткізері сөзсіз.

«В мире» айдарындағы материалдарға назар аударайық: «Заложники Европы», авторы - Игорь КОЛЬЧЕНКО, «Чтобы оценить вкус пирога, надо его съесть», авторы - Нина Романова.

«В стране» айдары бойынша: «Обелиск на обочине», авторы - Валентина Козлович, «Столичный стиль», авторы - Виталий ВОЛЯНЮК., «Книга вечна?», авторы - Виталий КУЛИЧЕНКОВ.

«Во мне» айдары бойынша: «Кому не спится в ночь глухую?», авторы - Дмитрий Крят, «Вилка с чужой монограммой», авторы - Нина РОМАНОВА, «Богатырские страдания», авторы - Татьяна ГРИНКЕВИЧ.

Енді үш ел басылымдарының эпистолярлық мәтіндерді берудегі тақырыптық, мазмұндық ерекшеліктерін сараптау үшін әр газеттен мысалдар келтіруді жөн көрдік.

1 кесте. Үш ел басылымдарының эпистолярлық мәтіндері кестесі

№	Басылым аты	Эпистолярлық мәтін атауы	Қысқаша мазмұны
1	Егемен Қазақстан	«Хат қоржын» Оқырман ...мәселе көтереді» айдары: Ұлттың сақталуы тіліне байланысты. 26.01.2024 ж.	Тәуелсіздігін алған әрбір халықтың бойтұмары да, еркіндігінің дәлелі де – ана тілі, елдегі қызмет қазақ тілінде жүргізіліп, халық қазақ тілінде сөйлеуі керек. Қандай да бір мемлекеттік қызметке алғанда қазақ тілін міндеттеу керек. Ал өзге тілдер содан кейінгі дәрежеде тұруы қажет. Сонда ғана елге, ұлтқа құрмет болады. Бұдан бөлек кітап ісі, аударма ісі секілді қызметтерге тілді жетік меңгерген мамандарды жұмысқа тарту керек. Себебі әлем әдебиетіне қызығатын жастар жалаң аудармамен сусындамауға тиіс.

2	Российская газета	ЗАЩИТНАЯ РЕАКЦИЯ, создается единый реестр адвокатов. Зачем он нужен? 19.04.2024	Адвокаттар сот, прокуратура кеңселеріне өздерінің жеке куәліктерімен кіре беру құқығын алмақ. Қосымша рұқсат қағазы қажет емес. Шетелге кеткен адвокаттардың статусын жояды.Федерация Советі бұл заңды мақұлдаған. Енді адвокаттардың бірыңғай реестрі жасалмақ. «Бұл не үшін керек» деген сұрақ қояды автор.
3	«СБ. Беларусь сегодня»	Искусственный интеллект – враг или друг? 28.03. 2024 г.	Жасанды интеллекттің қарқынды дамуымен туындайтын тәуекелдерге бірінші және соңғы реакция емес. ЖИ күрделі мәселелерді оңай шешеді, кез келген процестерді басқарады және экономикалық, статистикалық болжамдарды жасайды. Сарапшылардың болжауынша, 2050 жылға қарай әлемде роботтар операция үстелінде отырған адамдардан көп болады. Мұның бәрі тамаша перспективаларды көрсетеді. Бірақ ЖИ-нің қарқынды дамуында, ғылыми фантастика мен Голливуд уәде еткендей, толық жойылып кетпесе, адамзатқа қауіп төндіретін сәттер бар, содан кейін үлкен проблемалар бар.

**Ескерту: газеттер материалдары негізінде құрастырылған*

Жоғарыдағы кестеде берілген мәтіндер мысалдары үш басылымда жарияланып жүрген материалдардың ортақ табиғатын аңғартатынын атап көрсеткен жөн. «Егемен Қазақстан» негізінен алғанда газет оқырмандарының мұң-мұқтажға толы хаттарын ашық жарияласа, «Российская газета» авторлары саяси мағынасы бар елдік деңгейдегі материалдарды батыл беруді дәстүрге айналдырған. Ал «СБ. Беларусь сегодня» газеті өткір саяси материалдардан гөрі ел тұрғындарының әлеуметтік, тұрмыстық жағдайларын нысанаға алатын эпистолярлық мәтіндерді жиірек жариялап отырады. Бұл бір жағы сол елдегі саяси биліктің БАҚ-ты ұдайы қадағалап отыратындығымен де байланысты болса керек.

Нәтижелер

Медиа зерттеуші А.Тертычный газеттегі хат көбінесе адресатқа ашық сын, ашық «аренаға» шақыру болып табылатындығын, онда әркім өзінің кәсіби қасиеттерін немесе

күшін ғана емес, сонымен бірге өзінің жеке батылдығын, ақылдылығын және моральдық беріктігін аңғартып, турнирде қарсыласпен бетпе-бет рыцарь ретінде әрекет ету кез келген адамның қолынан келе бермейтінін атап көрсеткен еді. [20]

Бұл пікірге толығымен қосылуға болады. Жоғарыда талдау обьектілері болған басылымдардағы журналистер мен авторлардың эпистолярлық мәтіндерінің мазмұндық жақтарын саралай отырып, осындай түйінге тоқталуға негіз бар. Бұлайша ой түюге үш түрлі негіз бар. Біріншіден, эпистолярлық жанрда жазылған медиамәтіндер газеттің ұстанған саясатынан алшақ кете алмайды. Өйткені бұл үш басылым да үкімет тарапынан қаржыландыратындықтан өз жарияланымдарында салиқалы саясатты ескермей тұра алмайды. Екіншіден, жарияланатын эпистолярлық мәтіндер «тізгін үзіп» кетпесе де әлеуметтік-экономикалық мәселелерге келгенде өткірлік таныта алған. Үшіншіден, А.Тертычный жазғандай жекелеген журналистер өздерінің белсенді өмірлік позицияларын ұстана отырып, көрініс тапқан проблеманы батыл талдай алған, моральдық қасиеттерін ашып көрсеткен. Бұл – эпистолярлық жанрдағы негізгі шарттардың бірі.

Атап көрсетерлік тағы бір жайт, жоғарыда талданған үш басылымның эпистолярлық мәтіндерді жүйелеп берудегі шығармашылық шешімдері құптарлық. «Егемен Қазақстан» газеті негізінен алғанда қалың оқырмандарының хаттарын «Хат қоржын» топтамасында жоспарға сәйкес тоқсан сайын жүйелеп жариялап отырса, «Российская газета» 11 айдар аясында қоғамдық-саяси тақырыптарда өткір материалдарды араға нөмір салып демократия арқасында ұдайы оқырмандарына ұсына алған. «СБ. Беларусь сегодня» басылымы сәтті дизайнды қолданып, әлеуметтік, экономикалық, мәдени-тұрмыстық тақырыптардың ауқымды салаларын авторлары мен штаттағы публицистердің арқасында жоғары кәсіби деңгейде құнды эпистолярлық мәтіндерді өз беттерінде жүйелі беріп отырған. Бұл – үш басылымның әрқайсысының бір-бірін қайталамайтындығының нақты дәлелі.

Қорытынды

Бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланатын материалдар әрбір елдің саяси, экономикалық, әлеуметтік дамуының айнасы екені айқын. Журналистиканың жауынгер жанры саналатын хаттарды басылымдар беттерінен оқи отырып, сол елдердегі саясат пен экономикадан, халықтың тұрмыстық деңгейінен хабардар болу қиын емес. Оны үш елдің басты басылымдарын талдай отырып, бірқатар қорытындылар жасауға тырыстық. Сонымен қатар эпистолярлық мәтіндер әртүрлі болуы мүмкін екендігіне тоқталдық.

Соның бірі жеке немесе тұлғалар арасындағы хаттар екендігін белгілі қаламгерлер Шерхан Мұртаза мен Камал Смайылов арасындағы эпистолярлық мәтіндер мысалында сараптадық. Бұдан бөлек достар, отбасы мүшелері немесе ғашықтар арасындағы хат алмасулар да бар. Сондай-ақ жекелеген шығармашылық адамдары өз ойларын күнделіктерінің беттерінде сезімдерін және өміріндегі оқиғаларын жазса, «Редакцияға хат» айдарымен газет немесе журнал оқырмандарының өз пікірлерін білдіру немесе мақалаға реакция жасау үшін жазған хаттары белгілі. Іскерлік хаттарда жұмыс берушінің

қызметкерге немесе компаниядан клиентке жазған хаттары сияқты кәсіби контексте жазылған хаттар өз алдына бір төбе.

Ал біз бұл мақалада талдаған газеттердегі ашық хаттар белгілі бір алушыға емес, жалпы аудиторияға оқу ниетімен жазылған эпистолярлық мәтіндер. Олар көбінесе қоғамдағы маңызды мәселелерді талқылау үшін қолданылатынына көз жеткіздік. Бұл айтылғандардың барлығы біздің қоғамдағы эпистолярлық мәтіндердің алуан түрлілігін және маңыздылығын көрсетеді. Олар ойларды, сезімдерді және идеяларды білдірудің, тарих пен мәдениетті құжаттаудың қуатты құралы ретінде қызмет етеді.

Ойларымызды қорытындыласақ, эпистолярлық мәтіндер елдің саяси, экономикалық және әлеуметтік өмірін бейнелеуде маңызды рөл атқарады деп айта аламыз. Олар халықтың шынайы көзқарасын білдіреді, қоғамда жинақталып қалған өзекті мәселелерді ашық саралайды. Эпистолярлық мәтіндер хат болсын, күнделік болсын, жазба болсын, қоғамның айнасы іспетті. Олар тек ағымдағы оқиғаларды ғана емес, сонымен бірге бұл оқиғаларды халықтың қалай қабылдағанын көрсетеді. Бұл оларды зерттеушілер, тарихшылар, әлеуметтанушылар мен саясаттанушылар үшін баға жетпес дереккөз болып табылады.

Газеттер мен басқа да ресми ақпарат көздері саяси биліктің ықпалында болуы және ресми көзқарасты ұсынуы мүмкін болса да, эпистолярлық мәтіндердің ерекшелігі көбінесе қоғам туралы неғұрлым ашық және шынайы көзқарасты оқырмандар назарына ұсынады. Олар ресми дереккөздерде қамтылмаған мәселелерді анықтап, балама пікір-пайымдарды өз ұғым-түсініктері тұрғысынан ашық түрде саралауымен құнды.

Эпистолярлық мәтіндер немесе хаттар ежелден қашықтықтағы негізгі қатынас құралы болды. Дегенмен, жаңа медианың, интернет-платформалардың, цифрлық технологиялар мен ұялы байланыстардың дамуымен эпистолярлық мәтіндер айтарлықтай өзгерістерге ұшырады. Цифрлық дәуірдегі эпистолярлық мәтіндердің төрт негізгі ерекшелігін атап көрсеткен жөн.

Біріншіден, жылдамдығымен, қолжетімділігімен өзгешеленіп, қазіргі заманауи технология адамдарға географиялық орынға қарамастан хабарламаларды лезде жіберуге және алуға мүмкіндік берді. Бұл ақпарат алмасуды айтарлықтай жылдамдатады және эпистолярлық мәтіндерді өзекті және уақтылы етеді.

Екіншіден, интерактивтіліктің арқасында интернет-платформалар мен әлеуметтік желілер эпистолярлық мәтіндерге суреттер, бейнелер, сілтемелер және эмодзилер сияқты әртүрлі медиа элементтерін қосуға мүмкіндік беріп, мұның өзі қарым-қатынасты мәнерлі және ұшқыр ете түсті.

Үшіншіден, цифрлық ғасырда эпистолярлық мәтіндер бейресми сипатқа ие болды. Мәтіндік хабарламалар мен электрондық пошталарда аббревиатуралар, жаргондар және бейресми реңктер әдеттегідей болды. Құпиялық және қауіпсіздік мәселелері жолға қойылып, цифрлық технологияның дамуымен жеке ақпаратты қорғау қажеттілігі артты. Бұл эпистолярлық мәтіндерді қорғаудың жаңа форматтары мен қауіпсіздік хаттамаларының пайда болуына әкелді.

Төртіншіден, жалпы, эпистолярлық мәтіндер жаңа технологиялар мен қоғамның өзгермелі қажеттіліктеріне бейімделе отырып, дамуды жалғастыруда. Олар барлық өзгерістерге қарамастан маңызды байланыс құралы болып қала беруде.

Демек, эпистолярлық мәтіндер БАҚ жүйесіндегі мәдени-тарихи мұрамыздың құрамдас бөлігі болып табылады. Олар өткенімізді жақсырақ түсінуге, бүгінімізді батыл талдауға және болашағымызды қалыптастыруға көмектеседі. Олар білім, тәжірибе мен ұлттық құндылықтарды ұрпақтан-ұрпаққа жеткізуде маңызды рөл атқарады. Сондықтан эпистолярлық мәтіндерді бағалау, сақтау және зерттеу жүйелі жолға қойылуы тиіс. Мұндай жазбалар біздің тарихымыздың, қоғамымыздың және адамзаттың өзекжарды, шынайы мәселелерін айшықтаған айна тәрізді мұрағат. Демек мұндай баға жетпес құндылықтар әрқашан медиакеңістіктен өз орнын ала беретін болады.

Әдебиеттер тізімі

1. Прохоров Е.П. Эпистолярная публицистика // – Москва: МГУ. – 1966.

2. Кабанова Т.Н. Эпистолярный текст частной переписки в аспекте теории речевого общения (на материале рукописных и опубликованных текстов XX в.). – Челябинск: Руский фонд. 2004. 307 с.

3. Каирова Т.С. Категория завершенности в автономном эпистолярном тексте // Коммуникативный статус и стилистическая реализация лексических единиц французского языка: сб. науч. тр. – 1989. – №. 340. – С. 69-80.

4. Акишина А.А. Письмо как один из видов текста //Русский язык за рубежом. – 1982. – №.2. – С. 4.

5. Нижникова Л.В. Письмо как тип текста: диссертация кандидата филологических наук: 10.02. 04. – Одесса, 1991. – 159 с.

6. Кустова О.Ю. Письмо как самостоятельный текст и как композиционная часть художественного произведения (на материале творчества Теодора Фонтане): дис. канд. филол. наук: – СПб, 1998. 225 с.

7. Паперно И.А. Переписка как вид текста. Структура письма //Материалы Всесоюзного симпозиума по вторичным моделирующим системам. – 1974. – Т. 1. – №. 5. – С. 214-215.

8. Антоненко С.В. Эпистолярный текст как отражение культуры определенной эпохи //Язык и культура: V междунар. конф.–К.: Collegium. – 1997. – Т. 2. – С. 8-10.

9. Ковалева Н.А. К вопросу о параметрах эпистолярного текста //Кирилло-Мефодиевские традиции на Нижней Волге. – 1997. – С. 33-36.

10. Белунова Н. И. О стилистическом статусе эпистолярных текстов в современной лингвистике //Проблемы лингвистической семантики. – 1996. – С. 148.

11. Richter A. Letters and epistolary culture in early medieval China. – University of Washington Press, 2013.

12. Bray J. The Letter-Writing Manual and the Epistolary Novel //Journal for Eighteenth-Century Studies. – 2024. – Т. 47. – No. 1. – P. 15-29. DOI: https://doi.org/10.1111/1754-0208.12930

13. Lamata P.A. El género epistolar y la (des) cortesía histórica: estado de la cuestión y reflexión crítica [Epistolary genre and historical (im)politeness: state of the art and critical reflections] //Texts in Process. – 2020. – Т. 6. – No. 1. – P. 118-145. DOI: https://doi.org/10.17710/tep.2020.6.1.7albitre

14. Жармұхамедұлы М. Айтыс өлеңдерінің арғы тегі мен дамуы //Алматы: Мұраттас. – 2001. – Т. 293.

15. Қамзин К. Ақпараттық кеңістіктегі медиа мәтін траекториялары // Государственная информационная политика в Казахстане: взгляд в будущее. //Алматы, 2010. – С. 101-105.

16. Жақып Б. Публицистикалық шығармашылық негіздері //Алматы: Қазақ университеті. – 2007. – Т. 321.

17. Шындалиева М. Журналистика жанрларының пішіндері мен функциясы. //– Астана: ЕҰУ. 2014. – 248 б.

18. Смайылов К. Үш томдық шығармалар жинағы. //– Алматы: Қазығұрт баспасы, 2003. – 448 б.

19. Акопов А.И. Аналитические жанры публицистики. Письмо. Корреспонденция. Статья // – Ростов н/Д: Изд-во Ин-та массовых коммуникаций. – 1996. – 51 с.

20. Тертычный А.А. Жанры периодической печати. Учебное пособие. – Москва: Аспект-Пресс. – 2011. – 320 с.

References

1. Prokhorov E.P. Epistolyarnaya publitsistika [Epistolary journalism](MSU, – Moscow, 1966). [in Russian]

2. Kabanova T.N. Epistolarnyy tekst chastnoy perepiski v aspekte teorii rechevogo obshcheniya (na materiale rukopisnykh i opublikovannykh tekstov XX v.) [The epistolary text of private correspondence in the aspect of speech communication theory (based on handwritten and published texts of the 20th century)]. (– Chelyabinsk: Russian fond. – 2004. P. 307). [in Russian]

3. Kairova T.S. Kategoriya zavershennosti v avtonomnom epistolyarnom tekste [The category of completeness in the autonomous epistolary text]. Kommunikativnyy status i stilisticheskaya realizatsiya leksicheskikh yedinits frantsuzskogo yazyka: Sbornik nauchnykh trudov [Communicative status and stylistic realization of lexical units of the French language: A collection of scientific works]. (1989. – No. 340. – P. 69-80). [in Russian]

4. Akishina A.A. Pismo kak odin iz vidov teksta. Kharakteristika blagodarstvennykh, izvinitelnykh i pozdravitelnykh pisem [A letter as a type of text. Characteristics of letter of appreciation, apology, and congratulatory letters]. Russkiy yazyk za rubezhom [Russian language abroad]. (1982. – No. 2. – P. 4). [in Russian]

5. Nizhnikova L.V. Pismo kak tip teksta [A letter as a type of text]. (– Odessa. – 1991. – P. 159). [in Russian]

6. Kustova O. Yu. Pis'mo kak samostoyatel'nyy tekst i kak kompozitsionnaya chast' khudozhestvennogo proizvedeniya (na materiale tvorchestva Teodora Fontane) [A letter as an independent text and as a compositional part of a literary work (based on the works of Theodor Fontane)](dis. – A.I.Herzen Russian State Pedagogical University. – St. Petersburg, – P. 225). [in Russian]

7. Paperno I.A. Perepiska kak vid teksta. Struktura pis'ma [Correspondence as a type of text. Letter structure] // Materialy Vsesoyuznogo simpoziuma po vtorichnym modeliruyushchim sistemam [Proceedings of the All-Union Symposium on Secondary Modeling Systems] (1974. – T. 1. – No. 5. – P. 214-215). [in Russian]

8. Antonenko S.V. Epistolyarnyy tekst kak otrazhenie kul'tury opredelennoy epokhi [Epistolary text as a reflection of the culture of a certain era] // Yazyk i kul'tura: V mezhdunar. konf. [Language and culture: V international conference]. (K.: Collegium. – 1997. – T. 2. – P. 8-10). [in Russian]

9. Kovaleva N.A. K Voprosy o parametrakh epistolyarnogo teksta [On the parameters of the epistolary text] // Kirillo-Mefodievskie traditsii na Nizhney Volge [Cyril and Methodius Traditions in the Lower Volga Region] (1997. – P. 33-36). [in Russian]

10. Belunova N. I. O stilisticheskom statuse epistolyarnykh tekstov v sovremennoy lingvistike [On the stylistic status of epistolary texts in modern linguistics] // Problemy lingvisticheskoy semantiki [The problems of linguistic semantics]. (1996. – P. 142-152). [in Russian]

11. Richter A. Letters and epistolary culture in early medieval China. – University of Washington Press, 2013.

12. Bray J. The Letter-Writing Manual and the Epistolary Novel. (Journal for Eighteenth-Century Studies. – 2024. – T. 47. – No. 1. – P. 15-29).

13. Lamata P. A. El género epistolar y la (des) cortesía histórica: estado de la cuestión y reflexión crítica [Epistolary genre and historical (im)politeness: state of the art and critical reflections]. (Texts in Process. – 2020. – T. 6. – No. 1. – P. 118-145). [in Spanish]

14. Zharmukhameduly M. Aitys öleñderınıñ arğy tegı men damuy. [Origin and development of aitys poems]. (2001. – P. 293). [in Kazakh]

15. Kamzin K. Akparattyk keñıstıktegı media mätın traektorialary [Media text trajectories in the information field]. Gosudarstvennaya informatsionnaya politika v Kazakhstane: vzglyad v budushchee [State information policy in Kazakhstan: a point of view into the future]. (Respublikanskaya konferentsiya, – Almaty. – 2010. – P. 101-105). [in Russian]

16. Zhakyp B. Publisistikalyk shygarmashylyk negızderı [Fundamentals of journalistic creativity]. (Almaty: Kazakh university – 2007. – P. 321). [in Kazakh]

17. Shyndalieva M. Jurnalistika janrlarynyñ pışınderı men funksiasy [Forms and functions of the journalistic genres] // Evero baspasy [Evero publishing house] – 2014. – P. 324.

18. Smayilov K. Us tomdyk shygarmalar jinagy [Collected works in three volumes] (– Almaty: Qazygurt, 2003. – P. 448). [in Kazakh]

19. Akopov A.I. Analiticheskie zhanry publitsistiki. Pismo. Korrespondentsiya. Stat'ya [Analytical genres of journalism. Letter. Correspondence. Article]. (– Rostov n/D: Publishing House of the Institute of Mass Communications – 1996. – P. 51). [in Russian]

20. Tertychny A. A. Zhanry periodicheskoi pechati. Uchebnoe posobie [Genres of periodicals. Textbook]. (– Moscow: Aspect-Press – 2011. – P. 320). [in Russian]

M.B. Toktagazin

L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan

Features of epistolary texts in the system of mass communication

Abstract. The article examines the characteristics of epistolary texts in the media. The author shows that epistolary texts can be used for a variety of purposes, including exchanging ideas, discussing important issues, providing feedback, or generally for communication. The author also emphasizes that news articles can be used to present different points of view or discuss specific topics. In addition, the author points out that epistolary texts are an important tool for communication and interaction within the modern media space.

In this sense, many people use epistolary texts to express their own feelings, while personal experiences and emotions are of key importance. Epistolary texts can be used to discuss current social and political issues and to express opinions and views on these topics. This type of text can be used to discuss topics related to education and science, including academic research, educational strategies,

and scientific discoveries. Moreover, using epistolary texts, people can discuss topics of culture and art, including literature, music, cinema, theater, and the visual arts. Epistolary texts also discuss interpersonal relationships, including friendship, love, family, and collegial connections. Additionally, these texts describe travel and adventure that embraces new places, cultures, and experiences.

A comparative analysis of epistolary texts in the leading publications of the CIS countries, "Rossiyskaya Gazeta," "Egemen Kazakhstan," and "SB. Belarus Segodnya," was carried out.

Keywords: media, epistolary text, newspaper, epistolary, content analysis, journalism, addressee.

М.Б. Токтагазин

Евразийский национальный университет им.Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан

Особенности эпистолярных текстов в СМК

Аннотация. В статье анализируются особенности эпистолярных текстов в системе СМИ. Автор показывает, что эпистолярные тексты могут использоваться для различных целей, включая обмен идеями, обсуждение важных вопросов, предоставление обратной связи или в целом для коммуницирования. Также автор подчеркивает, что новостные статьи могут использоваться для представления различных точек зрения или обсуждения конкретных тем. К тому же, автор указывает, что эпистолярные тексты являются важным средством для коммуникации и взаимодействия в рамках современного медиа пространства.

В этом смысле многие люди используют эпистолярные тексты для выражения собственных чувств, в то время как личные опыты и эмоции в них имеют ключевое значение. Эпистолярные тексты могут использоваться для обсуждения актуальных социальных и политических проблем и для выражения мнений и взглядов по этим темам. Данный вид текстов может быть применен для обсуждения тем связанных с образованием и наукой, включая академические исследования, образовательные стратегии и научные открытия. Более того, используя эпистолярные тексты, люди могут дискутировать на темы культуры и искусства, включая литературу, музыку, кино, театр и изобразительное искусство. В эпистолярных текстах также обсуждаются межличностные отношения, включая дружбу, любовь, семейные и коллегиальные связи. Кроме того, в этих текстах описываются путешествия и приключения, охватывающие новые места, культуры и впечатления.

Проведен сравнительный анализ эпистолярных текстов в ведущих изданиях стран СНГ «Российская газета», «Егемен Казахстан», «СБ.Беларусь сегодня».

Ключевые слова: СМИ, эпистолярный текст, газета, эпистолярий, контент-анализ, публицистика, адресат.

Автор туралы мәлімет:

Тоқтағазин М.Б. **–** филология ғылымдарының кандидаты, баспасөз және баспа ісі кафедрасының профессоры, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан.

Tortagazin M.B. **–** Candidate of Philological Sciences, Professor L.N. Gumiluov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan.